

Қазақстан Республикасында ересек халыққа неврологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2025 жылғы 4 маусымдағы № 53 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылы 5 маусымда № 36213 болып тіркелді

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 7-бабының 32) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында ересек халыққа неврологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасында неврологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 19 қазандағы № 809 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12311 болып тіркелген);

2) "Қазақстан Республикасында неврологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 19 қазандағы № 809 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы " Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 14 наурыздағы № 110 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16725 болып тіркелген);

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасында халыққа неврологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасында халыққа неврологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты (бұдан әрі – Стандарт) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 7-бабының 32) тармақшасына, 138-бабына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында халыққа неврологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыруға қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Осы Стандартта пайдаланылатын анықтамалар:

1) бейінді маман – жоғары медициналық білімі, денсаулық сақтау саласында сертификаты бар медицина қызметкері;

2) денсаулық сақтау ұйымы – денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

3) динамикалық байқау – пациенттің денсаулық жағдайын жүйелі түрде байқау, сондай-ақ осы байқау нәтижелері бойынша қажетті медициналық көмек көрсету;

4) клиникалық хаттама (бұдан әрі – КХ) – пациенттің белгілі бір ауруы немесе жай-күйі кезіндегі профилактика, диагностика, емдеу, медициналық оңалту және паллиативтік медициналық көмек бойынша ғылыми дәлелденген ұсынымдар;

5) консилиум – кемінде үш дәрігердің қатысуымен диагноз қою, емдеу тактикасын айқындау және ауруды болжау мақсатында адамды зерттеу;

6) қашықтықтан көрсетілетін медициналық қызметтер – аурулар мен жарақаттардың диагностикасы, оларды емдеу, медициналық оңалту және олардың профилактикасы, медицина қызметкерлерінің өзара, жеке тұлғалармен және (немесе) олардың заңды өкілдерімен қашықтықтан өзара іс-қимыл жасауын, көрсетілген адамдарды сәйкестендіруді, сондай-ақ олар жасайтын әрекеттерді құжаттауды қамтамасыз ететін цифрлық технологиялар арқылы зерттеулер мен бағалауды жүргізу мақсатында медициналық көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

7) медициналық ұйым (бұдан әрі – МҰ) – негізгі қызметі медициналық көмек көрсету болып табылатын денсаулық сақтау ұйымы;

8) медициналық оңалту – пациент организмiнiң функцияларын сақтауға, бұзылған және (немесе) жоғалтқан функцияларын iшiнара немесе толық қалпына келтiруге бағытталған медициналық көрсетiлетiн қызметтер кешенi;

9) пациент – медициналық көмек көрсетудi қажет ететiн ауруының немесе жай-күйiнiң болуына немесе болмауына қарамастан, медициналық көрсетiлетiн қызметтердiң тұтынушысы болып табылатын (болып табылған) жеке тұлға;

10) профилактика – аурулардың пайда болуының, аурулардың ерте сатыларда өршуiнiң алдын алуға және өршiп кеткен асқынуларды, ағзалар мен тiндердiң зақымдануын бақылауға бағытталған медициналық және медициналық емес iс-шаралар кешенi;

11) өңiрлендiру – медициналық көмек көлемiне қарай медициналық ұйымдарды инсультпен ауыратын пациенттерге медициналық көмек көрсетудiң үш деңгейi бойынша бөлу;

12) тегiн медициналық көмектiң кепiлдiк берiлген көлемi (бұдан әрi- ТМККК) – бюджет қаражаты есебiнен берiлетiн медициналық көмектiң көлемi.

3. Халыққа неврологиялық көмектi "Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлерi лауазымдарының номенклатурасы мен бiлiктiлiк сипаттамаларын бекiту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрiнiң 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығына (Нормативтiк құқықтық актiлердi мемлекеттiк тiркеу тiзiлiмiнде № 21856 болып тiркелген) сәйкес "Неврология (ересектер)" мамандығы бойынша дәрiгер жүзеге асырады.

4. Халыққа неврологиялық көмек үш деңгейде көрсетiледi:

1) бiрiншi деңгей – медициналық-санитариялық алғашқы көмек мамандарының амбулаториялық, стационарды алмастыратын жағдайларда және үйде медициналық көмек көрсету деңгейi;

2) екiншi деңгей – мамандандырылған медициналық көмектi жүзеге асыратын бейiндi мамандардың амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда, оның iшiнде бiрiншi деңгейде медициналық көмек көрсететiн мамандардың жолдамасы бойынша медициналық көмек көрсету деңгейi;

3) үшiншi деңгей – жоғары технологиялық медициналық көрсетiлетiн қызметтердi қолдана отырып, мамандандырылған медициналық көмектi жүзеге асыратын бейiндi мамандардың амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда, оның iшiнде бiрiншi және екiншi деңгейлердегi мамандардың жолдамасы бойынша медициналық көмек көрсету деңгейi.

5. Халыққа неврологиялық көмек:

ТМККК шеңберiнде "Тегiн медициналық көмектiң кепiлдiк берiлген көлемiнiң тiзбесiн бекiту және Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң кейбiр шешiмдерiнiң күшi

жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 қазандағы № 672 қаулысына сәйкес;

міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде (бұдан әрі – МӘМС) "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 421 қаулысына сәйкес;

ақылы негізде "Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету қағидаларын және ақылы медициналық қызметтер (көмек) ұсыну жөніндегі шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21559 болып тіркелген) Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету қағидалары және ақылы медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) ұсыну жөніндегі шарттың үлгілік нысанына сәйкес көрсетіледі.

6. Халыққа неврологиялық көмек КХ ұсынымдарына сәйкес, олар болмаған кезде дәлелді базасы бар халықаралық клиникалық ұсынымдарға (нұсқаулықтарға) сәйкес жүзеге асырылады.

7. Неврологиялық көмек "Қашықтықтан медициналық қызметтерді ұйымдастыру, ұсыну және ақы төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 1 ақпандағы № ҚР ДСМ-12 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22151 болып тіркелген) (бұдан әрі – №ҚР ДСМ-12 бұйрық) бекітілген Қашықтықтан медициналық көрсетілетін қызметтерді ұйымдастыру, ұсыну және ақы төлеу қағидаларына сәйкес қашықтықтан жүзеге асырылады.

8. Нерв жүйесі аурулары бар пациенттерді дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № ҚР ДСМ-89 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24069 болып тіркелген) бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету қағидаларына, сондай-ақ Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға қажеттілікті қалыптастыру қағидалары мен әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

9. Халыққа неврологиялық көмек көрсететін барлық деңгейдегі медициналық ұйымдар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-244/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21761 болып тіркелген) бекітілген Бастапқы медициналық құжаттаманы жүргізу және есептерді ұсыну қағидаларына, бекітілген есепке алу және есептік нысандарға сәйкес "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚРДСМ-175/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығы) және "Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21879 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрығы) сәйкес медициналық құжаттаманы жүргізуді және есептерді ұсынуды қамтамасыз етеді.

2-тарау. Неврологиялық қызмет пен неврологиялық көмек көрсететін ұйымдардың құрылымы

10. Неврологиялық көмек көрсету үшін мыналар құрылады:

1) аудандық, қалалық, облыстық деңгейлерде және республикалық маңызы бар қалалар мен астанада құрылатын консультациялық-диагностикалық орталықта амбулаториялық және стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының құрылымындағы невролог кабинеті;

2) аудандық деңгейде (аудандық/нөмірлік аудандық/көп бейінді орталық аудандық ауруханалар) стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының соматикалық (терапиялық) бөлімшелерінің құрамындағы неврологиялық төсектер;

3) аудандық (аудандық/нөмірлік аудандық/көп бейінді орталық аудандық ауруханалар), қалалық (қалалық/көп бейінді қалалық ауруханалары), облыстық (көп бейінді облыстық ауруханалары) деңгейлерде, сондай-ақ неврологиялық көмекті жүзеге асыратын ұлттық ғылыми орталықтар/институттар құрылымындағы стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының құрылымындағы неврологиялық бөлімше. Неврологиялық бөлімшенің ұсынылатын құрылымы осы стандартқа 1-қосымшада келтірілген;

4) insult орталығы қалалық және облыстық деңгейлердегі көп бейінді ауруханалардың, неврологиялық көмекті жүзеге асыратын ұлттық ғылыми орталықтардың/институттардың құрылымдық бөлімшелері ретінде;

5) неврологиялық аурулары бар пациенттердің жекелеген санаттарына (кадрлық және материалдық ресурстар бар болғанда) мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету үшін мамандандырылған орталықтар, оның ішінде:

амбулаториялық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының құрылымындағы аутоиммундық аурулар орталығы немесе нерв жүйесінің аутоиммундық аурулар кабинеті;

нerv жүйесінің нейродегенеративті және тұқым қуалайтын аурулары орталығы;
ауырсыну орталығы;

эпилептология орталығы;

6) Инсульт проблемалары жөніндегі республикалық үйлестіру орталығы (ИПРУО) және республикалық ұйым құрылымындағы Бірыңғай консультативтік инсульт орталығы.

3-тарау. Неврологиялық көмек көрсететін ұйымдар қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттары

11. Халыққа неврологиялық көмек көрсететін ұйымдар қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттары мыналар болып табылады:

1) нерв жүйесі ауруларының бірінші және екінші профилактикасына бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

2) барлық кезеңдерде сабақтастықты сақтай отырып, нерв жүйесінің ауруларын диагностикалау және емдеу;

3) нерв жүйесі аурулары бар пациенттерді динамикалық байқау;

4) нерв жүйесі аурулары асқынуларының өршуі мен дамуының профилактикасы;

5) нерв жүйесі аурулары бар пациенттерді медициналық оңалту;

6) нерв жүйесінің өршуі аурулары бар пациенттерге паллиативтік көмек;

7) медициналық көмек көрсету деңгейін (аудандық, қалалық, облыстық) ескере отырып, өңірдегі медициналық ұйымдарға ұйымдастыру-әдістемелік және консультациялық көмек көрсету;

8) инновациялық медициналық технологияларды енгізу және трансферттеу;

9) денсаулық сақтау ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау және медициналық көмек көрсетудің әртүрлі деңгейлерінде нерв жүйесі аурулары бар науқастарға медициналық көмекті ұйымдастыру және көрсету мәселелерінде сабақтастықты сақтау;

10) неврологиялық көмек көрсету сапасының мониторингін жүзеге асыру;

11) Қазақстан Республикасының халқы арасында саламатты өмір салтын насихаттау

4-тарау. Медициналық көмек көрсету деңгейлері, түрлері, нысандары мен жағдайлары бөлінісінде оны көрсету тәртібі

1-параграф. Амбулаториялық және стационарды алмастыратын жағдайларда неврологиялық көмек көрсету тәртібі

12. Амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған неврологиялық көмек Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № ҚР ДСМ-37 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27833 болып тіркелген) бекітілген Амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсету қағидаларына сәйкес көрсетіледі.

13. Амбулаториялық жағдайларда невролог дәрігер мыналарды жүзеге асырады:

1) нерв жүйесі ауруларын диагностикалаудың, емдеудің және профилактикалаудың жаңа заманауи әдістерін қолдана отырып және практикаға енгізуімен, нерв жүйесі аурулары бар пациенттерді қарап-тексеру, сұрау салу, диагностикалау және емдеуді тағайындау;

2) тамақтануды, дәрілік заттарды қабылдауды, аурулардың асқынуларының даму профилактикасын, саламатты өмір салтын насихаттауды қоса алғанда, негізгі ауру бойынша пациентпен ақыл-ой және дене денсаулығы мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру әңгімелесуін жүргізу;

3) "Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру, байқаудың мерзімділігі мен мерзімдерін, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумы мен еселігі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қазандағы № ҚР ДСМ-149/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21513 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-149/2020 бұйрық) сәйкес нерв жүйесінің аурулары бар динамикалық байқауға жататын пациенттерді динамикалық байқау;

4) "Қазақстан Республикасының белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікті амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-75 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23885 болып тіркелген) бекітілген тізбеге сәйкес динамикалық байқауға жататын нерв жүйесінің созылмалы аурулары бар пациенттерге рецепттерді уақтылы жазып беру және дәрілік заттармен қамтамасыз ету;

5) пациенттерді көрсетілімдер бойынша емдеуге жатқызуға уақтылы жіберу;

6) "Медициналық оңалтуды көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 7 қазандағы 2020 жылғы № ҚР ДСМ-116/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21381 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-116/2020 бұйрық) және "Медициналық оңалту көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 сәуірдегі № 65 бұйрығына (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32263 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 65 бұйрық) сәйкес нерв жүйесі аурулары бар пациенттерді медициналық оңалтуға және санаторийлік-курорттық емдеуге іріктеу және жіберу;

7) консультациялық-диагностикалық көмекті ұйымдастыру және көрсетілімдер болған кезде басқа бейінді мамандарға жіберу;

8) "Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ немесе анықтама беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21660 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрық) сәйкес пациенттердің еңбекке уақытша жарамсыздығына сараптаманы жүзеге асыру;

9) "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының-Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32922 болып тіркелген) сәйкес медициналық-әлеуметтік сараптамаға куәландыру үшін еңбекке қабілеттілігінен айрылу белгілері бар пациенттерді уақтылы жіберу;

10) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрыққа сәйкес есепке алу құжаттамасының бекітілген нысандарына сәйкес медициналық құжаттаманы дұрыс толтыру және жүргізу;

11) № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрыққа сәйкес белгіленген тәртіппен есептерді қалыптастыра және ұсына отырып, есептік құжаттаманы уақтылы дұрыс толтыру.

14. Невролог дәрігердің қабылдауы/консультация беру уақытының нормативі пациенттің жағдайына байланысты бір пациентке 30 минутты құрайды.

15. Стационарды алмастыратын жағдайларда нерв жүйесі аурулары бар пациенттерге неврологиялық көмек Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 106 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32740 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасында стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

16. Стационарды алмастыратын жағдайларда күндізгі стационарларда мамандандырылған неврологиялық көмекті амбулаториялық және стационарлық жағдайларда денсаулық сақтау ұйымдары ұсынады.

17. ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек күндізгі стационар жағдайларында медициналық-санитариялық алғашқы көмек маманының немесе басқа денсаулық сақтау ұйымының жолдамасы бойынша осы пациентті емдеу үшін қажетті зертханалық, аспаптық зерттеулер мен бейінді мамандардың консультацияларының нәтижелерімен ұсынылады.

2-параграф. Стационарлық жағдайларда неврологиялық көмек көрсету тәртібі

18. Неврологиялық көмек стационарлық жағдайларда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № ҚР ДСМ-27 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27218 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-27 бұйрық) бекітілген Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру қағидаларына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-238/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21746 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-238/2020 бұйрық) Мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету қағидаларына сәйкес көрсетіледі.

19. Нерв жүйесі аурулары бар пациенттерді емдеуге жатқызу бөлімшенің (төсектің) бейініне сәйкес жүргізіледі.

20. Неврологиялық төсектер республика бойынша орта есеппен* 10 000 ересек халыққа шаққанда 2,3 төсекті құрайды (*өңір деңгейінде № ҚР ДСМ-27 бұйрықта бекітілген әдістемеге сәйкес халықтың құрылымы мен санына қарай төсектерді есептеу көзделеді).

Пациенттің неврологиялық төсекте болуының орташа мерзімі 10 күнтізбелік күннен аспайды.

21. Шұғыл нысандағы медициналық көмек денсаулыққа елеулі зиянды болғызбау және (немесе) өмірге төнген қатерді жою үшін кезек күттірмейтін медициналық араласуды қажет ететін кенеттен болған жіті аурулар мен жай-күйлер, созылмалы аурулардың асқынуы кезінде медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейлерінде, оның ішінде МҰ-ға өз бетінше жүгіну бойынша, жедел медициналық жәрдемді шақыру кезінде, бірінші және екінші деңгейдегі мамандардың, стационарлық жағдайларда жедел медициналық жәрдем мамандарының жолдамасы бойынша жүзеге асырылады.

22. Нерв жүйесінің аурулары кезінде жоспарлы нысанда медициналық көмек пациенттің өміріне қауіп төндірмейтін жағдайлар мен жай-күйлерде көрсетіледі, оны көрсетуді кейінге қалдыру белгілі бір уақытқа пациенттің жай-күйінің нашарлауына әкеп соқпайды.

23. Пациенттің орналасқан жерінде бейінді маман болмаған кезде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-225/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21713 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-225/2020) бекітілген Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету қағидаларына сәйкес медициналық авиацияны тарта отырып, медициналық көмек

көрсетудің екінші және үшінші деңгейлеріндегі мамандарды жеткізу немесе пациентті екінші және үшінші деңгейлерде медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдарға тасымалдау жүзеге асырылады.

24. Диагностикалық зерттеулер жүргізу, пациенттерге бейінді мамандармен консультация беру және консилиумдарды ұйымдастыру, оның ішінде № ҚР ДСМ-12 бұйрыққа сәйкес қашықтықтан көрсетілетін медициналық қызметтер ұсыну арқылы жүзеге асырылады.

25. Құрылымында неврологиялық төсектер ашылған соматикалық бөлімшенің (терапиялық) невролог дәрігері мыналарды жүзеге асырады:

1) клиникалық хаттамаларға сәйкес тәулік бойы нерв жүйесі аурулары бар пациенттерге мамандандырылған медициналық көмек көрсету;

2) МҰ басқа бөлімшелерінің пациенттеріне консультациялық-диагностикалық көмек, оның ішінде нерв жүйесінің кезек күттірмейтін жағдайлары мен аурулары кезінде шұғыл медициналық көмек көрсету;

3) пациенттермен, олардың туыстарымен және заңды өкілдерімен неврологиялық және тамырлы ауруларының ықтимал қауіп факторларының алдын алу және түзету, саламатты өмір салтын жүргізу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

4) неврологиялық пациенттерді диагностикалаудың, емдеудің және медициналық оңалтудың, дәлелді медицина қағидаттары мен ғылыми-техникалық жетістіктердің негізінде асқынулар профилактикасының жаңа тиімді әдістерін жүйелі игеру және клиникалық практикаға енгізу;

5) № ҚР ДСМ-116/2020 және № 65 бұйрықтарға сәйкес медициналық оңалту;

6) №ҚР ДСМ-198/2020 бұйрыққа сәйкес пациенттердің еңбекке уақытша жарамсыздығына сараптама жүргізу;

7) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрыққа сәйкес есепке алу құжаттамасының бекітілген нысандарына сәйкес медициналық құжаттаманы дұрыс толтыруды және жүргізу;

8) № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрыққа сәйкес белгіленген тәртіппен есептерді қалыптастыра және ұсына отырып, есептік құжаттаманы уақтылы дұрыс толтыру;

9) госпитальдық көмек көрсету сапасын арттыруға, асқынулар мен госпитальдық өлімді төмендетуге бағытталған шаралар кешенін әзірлеу және жүргізу.

26. Бөлімше меңгерушісі мыналарды жүзеге асырады:

1) ұйымның құрылымдық бөлімшесіне басшылық жасау, халыққа уақтылы және сапалы медициналық және дәрілік көмек көрсету бойынша құрылымдық бөлімшелердің жұмысын және тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастыру;

2) емдеу-диагностикалық іс-шараларды тағайындай отырып, пациенттерді, оның ішінде реанимация және қарқынды терапия бөлімшелеріндегі пациенттерді күнделікті аралап шығу және қарап-тексеру;

3) стационардың қабылдау бөлмесінде пациенттерді қабылдау;

4) пациенттерге медициналық ұйымның басқа құрылымдық бөлімшелерінде немесе басқа да МҰ-да қажеттілігіне қарай консультация беру;

5) бейінді мамандардың консилиумдарын немесе консультацияларын, оның ішінде телемедицина арқылы қашықтықтан ұйымдастыру;

6) жаңа диагностикалық, емдік және профилактикалық көмекті енгізу және қолданыстағыларын жетілдіру, көрсетілетін қызметтердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуына және өз тарапынан және оған бағынысты адамдардан сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу жөнінде шаралар қабылдау, оған сеніп тапсырылған материалдық-техникалық, дәрілік ресурстарға дербес жауаптылық, сондай-ақ олардың сақталуы мен нысаналы пайдаланылуы үшін жауаптылық;

8) дәрігерлік кадрлардың біліктілігін арттыру, олардың кәсіби білімін дамыту жөніндегі жұмысты жүргізу;

9) ұжымда қолайлы психологиялық атмосфераны қалыптастыру;

10) ішкі еңбек тәртібі талаптарының орындалуын, медициналық әдепті, өртке қарсы қауіпсіздік пен қауіпсіздік техникасын сақтау, Бөлімшедегі санитариялық-эпидемиологиялық жағдайды зерделеу, бағалау және жақсарту жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету;

11) Бөлімшенің құжаттамасын уақтылы және сапалы ресімдеу;

12) № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрыққа сәйкес белгіленген мерзімде бөлімшенің қызметін талдау және қызмет бойынша есепті қалыптастыру.

27. Бөлімше дәрігерлері мыналарды жүзеге асырады:

1) пациенттерді күнделікті қарап тексеру, жаңа пациенттерді қабылдау;

2) нерв жүйесі аурулары бар пациенттерге мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету;

3) МҰ басқа бөлімшелеріндегі пациенттерге консультациялық көмек көрсету;

4) неврологиялық пациенттерді диагностикалаудың, емдеудің және медициналық оңалтудың, дәлелді медицина қағидаттары мен ғылыми-техникалық жетістіктердің негізінде асқынулардың профилактикасының жаңа тиімді әдістерін жүйелі игеру және клиникалық практикаға енгізу;

5) № ҚР ДСМ-116/2020 және № 65 бұйрықтарға сәйкес медициналық оңалту;

6) пациенттермен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу, олардың туыстары мен заңды өкілдері неврологиялық және қан тамырлары ауруларының ықтимал қауіп факторларының алдын алу және түзету, саламатты өмір салтын насихаттау бойынша ақпараттық- түсіндірме жұмыстарын жүргізу;

7) №ҚР ДСМ-198/2020 бұйрыққа сәйкес пациенттердің еңбекке уақытша жарамсыздығына сараптама жасау;

8) №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрыққа сәйкес есепке алу құжаттаманың бекітілген нысандарына сәйкес медициналық құжаттаманы дұрыс толтыру және жүргізу;

9) госпитальдық көмек көрсету сапасын арттыру, асқынулар мен госпитальдық өлімді төмендетуге бағытталған шаралар кешенін әзірлеу және жүргізу.

28. Инсульт орталығы (бұдан әрі – ИО) қалалық және облыстық деңгейлерде стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының, ми қанайналымның жіті бұзулары бар (өтпелі церебральды ишемиялық аурулар (шабуылдар) және онымен байланысты синдромдар, ми инфарктісі, субарахноидты қан құйылу, мидың ішіне қан құйылу, басқа жарақатсыз мидың ішіне қан құйылу, инсульт, анықталмаған, қан құйылу немесе инфаркт сияқты, цереброваскулярлық аурулар кезінде тамырлы ми синдромдары) науқастарға неврологиялық көмекті жүзеге асыратын ұлттық ғылыми орталықтардың/институттардың құрылымында көп бейінді МҰ-ның құрылымдық бөлімшесі ретінде құрылады.

29. Республика бойынша орта есеппен* инсульт төсектері 10 000 ересек халыққа шаққанда 1,1 төсек есебінен құрылады (*өңір деңгейінде халықтың құрылымы мен санына қарай төсектерді есептеу көзделеді).

2 немесе 3 деңгейдегі инсульт орталықтары қалалық және облыстық деңгейлердегі халық санын ескере отырып құрылады.

Аудандық деңгейде халықтың санын ескере отырып немесе терапиялық бейіндегі бөлімше құрамында ИО құрылады.

30. Ми қанайналымның жіті бұзылуы кезінде медициналық көмек көрсетуді өңірлендірудің бірінші, екінші және үшінші деңгейіне байланысты КХ-ға сәйкес жүргізіледі.

31. Өңірлендірудің бірінші деңгейінде сана деңгейі Глазго ком шкаласы бойынша 6 балдан төмен, гемодинамикасы тұрақсыз және тыныс алуы бұзылған (тасымалданбайтын) пациенттерге реанимация бөлімшесі, клиникалық зертхана және бейінді мамандар, оның ішінде невролог, кардиолог және (немесе) терапевт болған кезде медициналық көмек стационарлық жағдайларда (аудандық/нөмірлік аудандық және көп бейінді орталық аудандық ауруханалар) көрсетіледі.

Пациенттің жағдайын тұрақтандыру жүргізіледі және Бірыңғай консультативтік инсульт орталығы айқындаған бағдарға сәйкес емдеудің одан әрі тактикасы айқындалады.

32. Мамандандырылған медициналық көмек, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық қызметтер көрсету үшін пациенттер бірінші деңгейдегі медициналық ұйымдардан өңірлендірудің екінші немесе үшінші деңгейдегі ұйымдарына ауыстырылады.

33. Инсульт клиникасы немесе транзиторлы ишемиялық ауыруы бар пациенттер, сондай-ақ механикалық тромбэкстракция жүргізу үшін терапиялық аралықта 24 сағатқа

дейін пациенттер жүйелік тромбоз жүргізу үшін минут (компьютерлік томография (бұдан әрі – КТ) және/немесе перфузияның магниттік-резонанстық томографиясы (бұдан әрі – МРТ) жүргізілген жағдайда 4,5-9 сағат) ишемиялық инсульттың клиникалық симптомдары дамыған сәттен бастап төрт сағат және отыз шегінде бірінші деңгейдегі ұйымдарды айналып өтіп, екінші немесе үшінші деңгейдегі МҰ-ға жеткізіледі.

34. Өмірлік маңызды функциялары бұзылған (тасымалдауға келмейтін) өте ауыр жағдайдағы пациенттер жағдайы тұрақталғанға дейін бірінші деңгейде қалады. Кейіннен 2-3 деңгейдегі инсульт орталықтарымен телемедициналық консультациялар арқылы емдеудің келесі тактикасы шешіледі.

35. Екінші деңгейдегі (2-деңгейдегі ИО) медициналық көмек стационарлық жағдайларда (аудандық, нөмірлі аудандық, көп бейінді аудандық, қалалық ауруханалар құрылымындағы инсульт орталықтары) тәулік бойы жұмыс істейтін реанимация және қарқынды терапия бөлімшелері, клиникалық зертхана, күретамыр және омыртқа артерияларының жай-күйін бағалауға арналған КТ және/немесе МРТ, ультрадыбыстық зерттеу аспаптары бар сәулелік диагностика болған кезде, нейрохирургиялық бөлімше немесе ол болмаған кезде нейрохирург ашық нейрохирургиялық операциялар жүргізу мүмкіндігімен хирургиялық бөлімше, пациент келіп түскен сәттен бастап 4-96 сағат кезеңінде, стандартты нейрохирургиялық жарақтандыру (құрал-саймандарды) болған кезде көрсетіледі.

36. Ишемиялық немесе геморрагиялық инсульт диагнозы қойылған пациенттерге екінші деңгейде мыналар жүргізіледі:

базистік және (немесе) арнайы терапия (жүйелік тромбоз, клиникалық симптомдар дамыған сәттен бастап төрт сағаттан және отыз минуттан кешіктірмей);

КТ/МРТ-перфузия жүргізілген жағдайда ғана 4.5 сағаттан 9 сағатқа дейінгі уақыт аралығындағы пациенттерге жүйелік тромбоз;

ашық операциялар түріндегі нейрохирургиялық емдеу (декомпрессивті гемикраниэктомия, бассүйекішілік гематомаларды алып тастау, сыртқы дренажды қолдану және басқалар);

ерте оңалту.

37. Ишемиялық инсульттің верификацияланған диагнозы бар пациенттер клиникалық симптомдар дамыған сәттен бастап 6-24 сағаттық "терапиялық терезе" шегінде "mismatch" МРТ деректерінің сәйкес келмеуі (қажет болған жағдайда КТ-перфузия, МРТ-перфузия жүргізу) механикалық эндоваскулярлық тромбэкстракция/аспирация көрсету үшін екінші деңгейдегі ұйымнан үшінші деңгейдегі ұйымға ауыстырылады.

38. Субарахноидальды қан құйылулары бар пациенттер және қан құйылулары аневризмалық патологияға немесе тамырлы ақауға тән белгілері бар пациенттер нейрохирург консультациясынан кейін жоғары технологиялық нейрохирургиялық

медициналық қызмет көрсету үшін 2-деңгейдегі инсульт орталығынан 3-деңгейдегі инсульт орталығына ауыстырылады.

39. Өңірлендірудің үшінші деңгейінде медициналық көмекті стационарлық көмек көрсететін ұйымдар (қалалық, облыстық және республикалық ауруханалар базасындағы өңірлік инсульт орталықтары) көрсетеді.

3-деңгейдегі инсульт орталықтары өңірде кезек күттірмейтін инсульт көмегін көрсету үшін құрылады және инсульт кезінде медициналық көмек көрсету сапасын жақсарту үшін 1-2-деңгейдегі ИО-мен, жедел медициналық жәрдеммен өзара іс-қимыл жасайды.

40. 3-деңгейдегі инсульт орталықтары симптомдар басталған кезде "терапиялық терезе" шегінде (төрт сағат және отыз минут, алты сағат – жиырма төрт сағат – 9 сағат КТ/МРТ-перфузиялар жүргізілген жағдайда) жүйелік тромболиз және механикалық тромбэкстракция/тромбоаспирация түріндегі арнайы терапияны қоса алғанда, базистік терапияны және ерте оңалтуды жүргізеді.

41. ИО құрамына мыналар кіреді:

қарқынды терапия және реанимация блогы;

емдік дене шынықтыру дәрігерлері мен нұсқаушыларынан, реабилитолог дәрігерлерінен тұратын мультипәндік бригадасы бар ерте оңалту бөлімшесі;

штаттық нормативтері осы Стандартқа 2-қосымшада келтірілген логопед, эрготерапевт, психолог кабинеті.

42. Егер инсультке немесе өтпелі ишемиялық ауруға күдік туындаған жағдайда, пациенттер шұғыл түрде аумақтық орналасуы бойынша ең жақын бірінші (екінші деңгей) немесе өңірлік инсульт орталықтарына (үшінші деңгей) жатқызылады.

43. Емдеуге жатқызуға дейінгі кезең мынадай жедел тасымалдауды қамтиды:

40 минут ішінде– қала тұрғындары үшін;

3 сағаттан артық емес – ауыл халқы үшін.

44. Нерв жүйесі аурулары бар пациенттерге жедел медициналық жәрдем № ҚР ДСМ-225/2020 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

45. Жедел медициналық жәрдемнің кезекші бригадасы мыналарды жүзеге асырады:

1) жіті инсульт диагностикасы және болған жағдайдың барлық мән-жайларын анықтай отырып, жедел медициналық жәрдем пациенттің ілеспе парағында міндетті түрде көрсете отырып, аурудың басталуының нақты уақытын айқындау;

2) кезек күттірмейтін емдеу іс-шараларын жүргізу және КХ сәйкес пациенттерді байқау;

3) жедел медициналық жәрдемді жеткізу кезінде ресми тіркелетін ілеспе парақта және қабылдау бөлмесінің журналында келу уақытын көрсете отырып, ми қанайналымның жіті бұзылу белгілері бар пациенттің түсуі туралы медициналық ұйымға алдын ала ауызша хабарлау.

46. Емдеуге жатқызу кезеңіне мыналар кіреді:

пациенттің жағдайына байланысты көрсетілімдер бойынша қарқынды терапия блогында емдеу (24 сағаттан бастап 5 күнге дейін) - емдеуге жатқызу мерзімінің ұлғаюы;

мультипәндік қағидат бойынша ИО ерте оңалту бөлімшесінде емдеу және медициналық оңалту (орта есеппен 16-18 күн);

№ ҚР ДСМ-116/2020 бұйрыққа сәйкес жалғастырушы және кеш медициналық оңалту;

инсульт алған пациентті динамикалық байқау (инсульт орталығынан шығарылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде неврологта есепке қойылады және одан әрі динамикалық байқалады);

КХ сәйкес амбулаториялық жағдайларда инсульт алған тұрақты қалдық құбылыстары бар пациенттерде инсульттің екінші профилактикасы және оларды №ҚР ДСМ-149/2020 бұйрыққа сәйкес динамикалық байқау.

47. Инсульт орталықтарының жұмысын үйлестіруді "Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы" ШЖҚ РМК (бұдан әрі – ҰШМҰО) құрылымында ұйымдастырылған инсульт проблемалары жөніндегі республикалық үйлестіру орталығы жүзеге асырады.

48. Инсульт мәселелері жөніндегі республикалық үйлестіру орталығы мыналарды жүзеге асырады:

1) көшпелі, оның ішінде қашықтықтан оқыту технологиялары (телемедицина) арқылы аудиттер жүргізу, бастапқы және өңірлік ИО мониторингі;

2) қашықтықтан оқыту технологияларын (телемедицина) пайдалана отырып, ұйымдастыру-әдістемелік көмек көрсету және өңірлік ИО-ның ұйымдастырылуы мен қызметінде үйлестіруші рөлді орындау;

3) ИО мамандары үшін оқыту тренингтерін өткізу (невролог дәрігер, нейрохирург дәрігер, реабилитолог, логопед, орта медициналық персонал);

4) инсультпен ауыратын пациенттерге медициналық көмекті ұйымдастыру мәселелері бойынша клиникалық хаттамалар мен нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу;

5) ай сайынғы/тоқсан сайынғы есептерді қалыптастыра отырып және кейіннен Денсаулық сақтау министрлігіне ұсына отырып, инсульттан сырқаттанушылық және өлім бойынша деректерді жинау және талдау;

6) халық арасында инсульттің профилактикасы және инсульттің алғашқы белгілерін тану бойынша ағарту жұмыстарын жүргізу (БАҚ-та жариялау);

7) инсульт мәселелері бойынша практикалық денсаулық сақтау үшін ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастыру.

49. ҰШМҰО ахуал орталығының базасында қосымша ИО мамандарына консультациялық-диагностикалық көмек жүргізу, оның ішінде телемедицина немесе санитариялық авиацияны қолдану арқылы бастапқы және өңірлік ИО мамандарына

тәулік бойы консультациялық көмек көрсету үшін Бірыңғай консультативтік инсульт орталығы жұмыс істейді.

3-параграф. Нерв жүйесі аурулары бар пациенттерге үйде медициналық көмек ұйымдастыру

50. Нерв жүйесі аурулары бар пациенттерге медициналық көмекті үйде медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) мамандары шақыру, белсенді патронаж, үйде емдеуді ұйымдастыру (үйдегі стационар) кезінде жүзеге асырады.

51. МСАК маманы үйде көмек көрсету кезінде пациентті қарап-тексеруді жүргізеді, жүргізілетін диагностикалық зерттеулер мен емдеуді түзетеді, медициналық көрсетілімдер болған кезде қосымша зертханалық, аспаптық зерттеулерді тағайындайды және қажет болған жағдайда неврологтың консультациясына тартады.

5-тарау. Қызметкерлердің ұсынылатын штаты

52. Неврологиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың ұсынылатын штаттық нормативтері осы Стандартқа 2-қосымшада келтірілген.

6- тарау. Медициналық бұйымдармен ұсынылатын жарақтандыру

53. Неврологиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдарды ұсынылатын медициналық бұйымдармен жарақтандыру осы Стандартқа 3-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында
ересек халыққа неврологиялық
көмек көрсетуді
ұйымдастыру стандартына
1-қосымша

Неврологиялық бөлімшенің ұсынылатын құрылымы

1. пациенттерге арналған палаталар;
2. қарқынды байқау палатасы (талап бойынша);
3. меңгерушінің кабинеті;
4. дәрігерлерге арналған кабинет (ординаторлық);
5. аға мейіргер кабинеті;
6. пациенттерді қарап-тексеруге арналған үй-жай;
7. медициналық персоналға арналған психологиялық жеңілдеу (релаксация) бөлмесі
- ;
8. психолог/логопед кабинеті**;
9. массаж бөлмесі;
10. топтық емдік дене шынықтыру, шартты-рефлекторлық терапия кабинеті**;

11. функционалдык диагностика кабинеті**;
12. процедуралық кабинеті;
13. орта және кіші медицина персоналына арналған бөлме;
14. медициналық жабдықтарды сақтауға арналған бөлме;
15. шараушылық бикесінің бөлмесі;
16. буфет және тамақ тарату бөлмесі;
17. таза төсек жабдықтарын сақтауға арналған бөлме;
18. лас төсек жабдықтарын жинауға арналған бөлме;
19. түгендеу бөлмесі;
20. қойма бөлмесі;
21. медицина қызметкерлеріне арналған душ және дәретхана;
22. санитариялық манипуляцияларға арналған бөлме;
23. келушілер бөлмесі;
24. клиникалық базаның оқу класы;
25. пациенттердің күндізгі болу үй-жайы (холл).

**Бейінді бөлімшелер болмаған жағдайда.

Қазақстан Республикасында
халыққа неврологиялық көмек
көрсетуді ұйымдастыру
стандартына
2-қосымша

Қызметкерлердің ұсынылатын штаты

Неврологиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың ұсынылатын штат нормативтері

1. Стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдар үшін, төсек санына қарай медициналық көмек көрсету деңгейлері бөлінісінде 1 тәулік бойы мейіргер лауазымына невролог дәрігердің 1 лауазымына жүктемені ескере отырып ұсынылатын штат нормативтері.

Неврологиялық бөлімше

Аудандық ауруханалар	Қалалық ауруханалар*	Республикалық маңызы бар қалалардағы және астанадағы облыстық ауруханалар мен қалалық ауруханалар	Ұлттық орталықтар
ересек	ересек	ересек	ересек
Штаттар 10 000 халыққа шаққанда төсектердің жоспарлы-нормативтік санына және көрсетілетін медициналық қызметтер	12		8

көлеміне сәйкес белгіленеді		10	
--------------------------------	--	----	--

* Республикалық маңызы бар қалалар мен астананы қоспағанда, барлық қалалардағы қалалық ауруханалар

Неврологиялық бөлімшенің қосымша штат бірліктері

Лауазымның атауы	Штат бірліктері	Ескертпе
Невролог дәрігер	1 тәулік бойғы пост	Бөлімшеде тәулік бойғы медициналық көмек көрсету үшін
Медициналық психолог	0,5	20 төсекке
Аға мейіргер	1	20 төсекке
Емшара мейіргері	1	15 төсекке
Пост мейіргері	4,75	15 төсекке
Науқастарға қарқынды күтім жасау бойынша мейіргер	1 тәуліктік пост	Қарқынды терапия палатасы бойынша 6 төсекке
Емдік дене шынықтыру бойынша нұсқаушы	1	10 төсекке

Инсульт бөлімшесі

Аудандық ауруханалар	Қалалық ауруханалар*	Республикалық маңызы бар қалалардағы және астанадағы облыстық ауруханалар мен қалалық ауруханалар	Ұлттық орталықтар
ересек	ересек	ересек	ересек
Штаттар 10 000 халыққа шаққанда төсектердің жоспарлы-нормативтік санына және көрсетілетін медициналық қызметтер көлеміне сәйкес белгіленеді	10	10	8

** республикалық маңызы бар қалалар мен астананы қоспағанда, барлық қалалардағы қалалық ауруханалар

Инсульт орталығының қосымша штат бірліктері

Лауазымның атауы	Штат бірліктері	Ескертпе
Невролог дәрігер	1 тәулік бойғы пост	Тәулік бойы медициналық көмек көрсету үшін
Кардиолог дәрігер	0,5	ерте оңалтудың 24 төсегіне арналған
Медициналық психолог	0,5	ерте оңалтудың 24 төсегіне арналған

Физикалық медицина және оңалту дәрігері (инерефлексотерапия дәрігері)	3,0	ерте оңалтудың 24 төсегіне арналған
Нейрохирург дәрігер	1	II және III деңгейдегі инсульт орталықтары үшін
Ангиохирург дәрігер (рентгенхирургия, интервенциялық хирургия)	0,5	III деңгейдегі инсульт орталықтары үшін
Анестезиолог-реаниматолог дәрігер	1 тәулік бойғы пост	6 төсекке арналған қарқынды терапия палаталары
Логопед	1,5	ерте оңалтудың 24 төсегіне арналған
Эрготерапевт	0,25	ерте оңалтудың 24 төсегіне арналған
Бас медбике	1,0	ерте оңалтудың 24 төсегіне арналған
Емшара кабинетінің мейіргері	2,5	ерте оңалтудың 24 төсегіне арналған
Емдік дене шынықтыру бойынша нұсқаушы	3,0	ерте оңалтудың 24 төсегіне арналған
Массаж бойынша мейіргер	3,0	ерте оңалтудың 24 төсегіне арналған
Физиотерапия бойынша мейіргер	3,0	ерте оңалтудың 24 төсегіне арналған
Палата (палаталық) мейіргері	10,0	ерте оңалтудың 24 төсегіне арналған
Қарқынды терапия палаталарының аға мейіргері	2 тәулік бойғы пост	6 төсекке арналған қарқынды терапия палаталары
Мейіргер-анестезист	1 тәулік бойғы пост	6 төсекке арналған қарқынды терапия палаталары

Шұғыл медициналық көмек көрсету үшін неврологиялық қызмет желісі бойынша қосымша штаттар

Лауазымның атауы	штат бірліктері	Ескертпе
Невролог дәрігер	1 тәулік бойғы пост	Облыстық ауруханалардың, республикалық маңызы бар ауруханалардың, астананың, сондай-ақ 200 мың және одан да көп халқы бар қалалардағы қалалық ауруханалардың неврологиялық және инсульттік пациенттеріне шұғыл медициналық көмек көрсету үшін қабылдау бөліміне.

2. Халықтың санына амбулаториялық жағдайларда медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдар үшін ұсынылатын штат нормативтері.

Лауазымның атауы	штат бірліктері	1 лауазымға шаққанда халық саны

невролог (ересек)	1	10 000 ересек халық санына
1 1 невролог дәрігерге орта медицина қызметкері мейіргер және/немесе фельдшер) лауазымы		

Қазақстан Республикасында
халыққа неврологиялық көмек
көрсетуді ұйымдастыру
стандартына
3-қосымша

Неврологиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдарды медициналық бұйымдармен ұсынылатын жарақтандыру

Невролог дәрігердің кабинетіне ұсынылатын жарақтандыру

Р/с №	Атауы	Қажетті саны, дана
1	Медициналық шкаф	1
2	Медициналық кушетка	1
3	Медициналық термометр	1
4	Негатоскоп	1
5	Пульсоксиметр	1
6	Камертон	1
7	Неврологиялық балға	1
8	Тонометр	1
9	Иіс сезу талдаушының функцияларының зерттеуге арналған иісті заттар жиынтығы	2
10	Дербес компьютер, принтер, интернетке қолжетімділік	1

Неврологиялық бөлімшенің ұсынылатын жарақтандырылуы

Р/с№	Медициналық бұйымдардың атауы*	Деңгейіне байланысты медициналық бұйымдардың саны **			
		1	2	3	4
1	Функционалдық төсек	төсек саны бойынша	төсек саны бойынша	төсек саны бойынша	төсек саны бойынша
2	Төсек жанындағы үстел	төсек саны бойынша	төсек саны бойынша	төсек саны бойынша	төсек саны бойынша
3	Санитариялық жабдығымен кресло-орындық	10 төсекке 1	10 төсекке 1	10 төсекке 1	10 төсекке 1
4	Жауыржараға қарсы матрас	10 төсекке 1	10 төсекке 1	10 төсекке 1	10 төсекке 1
5	Кресло-арба	15 төсекке 1 (кемінде 2)	15 төсекке 1 (кемінде 2)	15 төсекке 1 (кемінде 2)	15 төсекке 1 (кемінде 2)
	Пациенттерді корпус ішінде				

6	тасымалдайтын арба	15 төсекке 1 (кемінде 2)	15 төсекке 1 (кемінде 2)	15 төсекке 1 (кемінде 2)	15 төсекке 1 (кемінде 2)
7	Медициналық штатив (инфузиялық тірек)	төсек саны бойынша	төсек саны бойынша	төсек саны бойынша	төсек саны бойынша
8	Палаталық дабыл жүйесі	төсек саны бойынша	төсек саны бойынша	төсек саны бойынша	төсек саны бойынша
9	Орталықтандырылған оттегімен қамтамасыз ету жүйесі	ҚТП төсек саны бойынша	ҚТП төсек саны бойынша	ҚТП төсек саны бойынша	ҚТП төсек саны бойынша
10	Медициналық термометр	төсек саны бойынша	төсек саны бойынша	төсек саны бойынша	төсек саны бойынша
11	Негатоскоп	кемінде 2	кемінде 2	кемінде 2	кемінде 2
12	Медициналық аспиратор (сорғыш)	кемінде 2	кемінде 2	кемінде 2	кемінде 2
13	Оттегі концентраторы	10 төсекке 1	10 төсекке 1	10 төсекке 1	10 төсекке 1
14	Төсек жанындағы монитор	10 төсекке 1	10 төсекке 1	10 төсекке 1	10 төсекке 1
15	Массаж кушеткасы	15 төсекке 1	15 төсекке 1	15 төсекке 1	15 төсекке 1
16	Қандағы глюкоза талдаушы (глюкометр), портативті экспресс-талдаушы	2	2	2	2
17	Ходуноктар	10 төсекке 2	10 төсекке 2	10 төсекке 2	10 төсекке 2
18	Пульсоксиметр	10 төсекке 2	10 төсекке 2	10 төсекке 2	10 төсекке 2
19	Портативтік аэрозольдік компрессорлық ингалятор (небулайзер)	—	1	2	2
20	Инфузиялық сорғы	—	2	4	4
21	Көп арналы электрокардиограф	—	1	1	1
22	Синхрондау функциясы бар бифазалық	1	1		1

	дефибриллятор (аккумулятордың болуы)			1	
23	ӨЖЖ қолмен алып жүруге арналған тыныс алу қапшығы (Амбу қапшығы)	1	1	1	1
24	Температураны бақылау мүмкіндігі бар тоңазытқыш	Әрбір палатада, аға мейіргердің кабинетінде	Әрбір палатада, аға мейіргердің кабинетінде	Әрбір палатада, аға мейіргердің кабинетінде	Әрбір палатада, аға мейіргердің кабинетінде
25	Дәрігердің, аға мейіргердің, шаруашылық бикесінің, емшара кабинетінің, медициналық пост мейіргерінің жұмыс орны (интернет, дербес компьютер, принтер, сканер)	1 дәрігерге, аға мейіргерге, емшара бөлмесіне, медициналық постқа арналған 1 кешен	1 дәрігерге, аға мейіргерге, емшара бөлмесіне, медициналық постқа арналған 1 кешен	1 дәрігерге, аға мейіргерге, емшара бөлмесіне, медициналық постқа арналған 1 кешен	1 дәрігерге, аға мейіргерге, емшара бөлмесіне, медициналық постқа арналған 1 кешен
Диагностикалық бөлімше***					
26	Транскраниалдық доплерография, ұзақ уақыт транскраниалдық доплерлік мониторинг, микроэмболодетекцияны орындау мүмкіндігі бар ультрадыбыстық доплерографияның көпфункционалдық жүйесі	—	—	1	МҰ-ға 1
27	Брахиоцефалдық артериялардың, трансторакалдық эхокардиографияның экстракраниалдық бөліктеріне ультрадыбыстық	—	—		МҰ-ға 1

	дуплекстік сканерлеу жүргізуге арналған датчиктері бар портативтік ультрадыбыстық сканер			1	
28	Брахеоцефалды қ және миішілік артерияларға эндоваскулярлы қ диагностикалық және емдік араласуларды орындау мүмкіндігі бар ангиографиялық кешен	—	—	1	МҰ-ға 1
29	Кем дегенде 1,5 Т е с л а инжекторы бар магниттік-резон анстық томограф	—	—	1	МҰ-ға 1

Ескертпе:

ҚТП – қарқынды терапия палатасы.

ӨЖЖ – өкпені жасанды желдету.

ӨИЕЖ – өкпені инвазивтік емес желдету.

* Медициналық мақсаттағы бұйымдармен жарақтандыру ағымдағы қажеттілікке сәйкес денсаулық сақтау ұйымдарының өтінімдеріне сай жүзеге асырылады.

** Жарақтандыру деңгейлері:

Бірінші деңгей – "Денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативін бекіту туралы" 2020 жылғы 15 қазандағы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушысының № ҚР ДСМ-133/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21452 болып тіркелген) (бұдан әрі – Желі нормативі) сәйкес аудандық;

Екінші деңгей – Желі нормативіне сәйкес қалалық;

Үшінші деңгей – Желі нормативіне сәйкес облыстық;

Төртінші деңгей – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің қарамағындағы республикалық денсаулық сақтау ұйымдары.

*** Аспаптық-диагностикалық бөлімшені қосымша жарақтандыру

Мамандандырылған орталыққа ұсынылатын жарақтандыру (аутоиммундық аурулар орталығы немесе нерв жүйесінің аутоиммундық аурулар кабинеті, нерв жүйесінің нейродегенеративті және тұқым қуалайтын аурулар орталығы, ауырсыну орталығы)

Р/с№	Атауы	Талап етілген саны, дана
1	Медициналық шкаф	1 кабинетке 1
2	Медициналық кушетка	1 кабинетке 1
3	Медициналық термометр	1 кабинетке 1
4	Негатоскоп	1 кабинетке 1
5	Тонометр	1 кабинетке 1
6	Нейропсихологиялық тестілеу кабинеті, иіс сезу талдауыштарының функцияларын зерттеуге арналған иісті заттар жиынтығы****	1 кабинетке 1
7	Қозғалыс бұзылыстарын бағалауға арналған кабинет****	1 кабинетке 1
8	Биологиялық кері байланысы бар компьютерлендірілген бағдарламалармен, виртуалдық шындық технологиясымен жарақтандырылған оңалту кабинеті****	1 кабинетке 1
9	Көп арналы электроэнцефалограф (кемінде 21 арна) (ЭЭГ, бейне-ЭЭГ-мониторинг) ****	1 кабинетке 1
10	Ультрадыбыстық сканер****	1 кабинетке 1
11	Мидың визуалдық, есту, соматосенсорлық және когнитивтік туындаған әлеуеттерін зерттеу функциялары бар электронейромиограф****	1 кабинетке 1
13	Емшара кабинеті	1 кабинетке 1
14	Орталықтандырылған клиникалық және биохимиялық зертхана*	МҰ-ға 1
15	Дәрілік заттарды енгізуге арналған инфузомат*	1 кабинетке 1
16	Дефибриллятор*	1 кабинетке 1
17	Дәрігердің, мейіргердің жұмыс орны (интернет, дербес компьютер, принтер, сканер)	12

Диагностикалық бөлімше***

Р/с №	Медициналық бұйымдардың атауы	Деңгейіне байланысты медициналық бұйымдардың саны, дана

		1	2	3	4
1	Транскраниалдык доплерография, ұзақ уақыт транскраниалдык доплерлік мониторинг, микроэмболюдетекцияны орындау мүмкіндігі бар ультрадыбыстық доплерографияның көпфункционалдық жүйесі	-	1	1	МҰ-ға 1
2	Брахиоцефалдық артериялардың, трансторакалдық эхокардиографияның экстракраниалдық бөліктеріне ультрадыбыстық дуплекстік сканерлеу жүргізуге арналған датчиктері бар портативтік ультрадыбыстық сканер	-	1	1	МҰ-ға 1
3	Брахиоцефалдық және миішілік артерияларға эндоваскулярлық диагностикалық және емдік араласуларды орындау мүмкіндігі бар ангиографиялық кешен	-	1	1	МҰ-ға 1
4	Бейне ЭЭГ мониторинг	-	1	1	МҰ-ға 1
5	Кем дегенде 1,5 Тесла инжекторы бар магниттік-резонанс томография	-	1		МҰ-ға 1

	анстық томограф			1	
6	Нейродегенеративті ауруларды диагностикалаудың автоматтандырылған жүйесі бар орталықтандырылған клиникалық-биохимиялық зертхана, метаболикалық талдауларды анықтауға арналған тандемдік масс-спектрометрия, жИФР әдісімен қандағы аутоиммунды маркерлер (жанама иммунофлюоресцентті AKLIDES жүйесі). Ликвордағы иммунологиялық маркерлерді анықтау Hydrasys-2 жүйесі ықшам автоматтандырылған электрофорез жүйесі болып табылады және реактивтер болмаған кезде немесе егер реактивтер бар зертханамен шарттың болуы қажет болса****	-	1	1	МҰ-ға 1
7	Нейрогенетикалық зертхана, болмаған жағдайда молекулалық — генетикалық диагностика	-	1		МҰ-ға 1

	жүргізілетін зертханамен шарттың болуы			1	
8	Ми биобанкі бар патоморфология лық және иммуногистохи миялық зертхана , егер болмаған жағдайда-зертха намен шарттың болуы	-	1	1	МҰ-ға 1

Ескертпе:

ЭЭГ-электроэнцефалограф, электроэнцефалография.

* Медициналық мақсаттағы бұйымдармен жарақтандыру ағымдағы қажеттілікке сәйкес денсаулық сақтау ұйымдарының өтінімдеріне сай жүзеге асырылады.

** Жарақтандыру деңгейлері:

Бірінші деңгей – "Денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативін бекіту туралы" 2020 жылғы 15 қазандағы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушысының № ҚР ДСМ-133/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21452 болып тіркелген) (бұдан әрі – Желі нормативі) сәйкес аудандық;

Екінші деңгей – Желі нормативіне сәйкес қалалық;

Үшінші деңгей – Желі нормативіне сәйкес облыстық;

Төртінші деңгей – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің қарамағындағы республикалық денсаулық сақтау ұйымдары.

*** Аспаптық-диагностикалық бөлімшені жарақтандыруға қосымша.

Мамандандырылған эпилептология орталығының ұсынылатын жарақтандырылуы

P/c №	Атауы	Талап етілген саны, дана
1	Медициналық шкаф	1 МҰ-ға 1
2	Медициналық кушетка	1 МҰ-ға 1
3	Медициналық термометр	1 МҰ-ға 1
4	Негатоскоп	1 МҰ-ға 1
5	Тонометр	1 МҰ-ға 1
6	Көп арналы электроэнцефалограф (кемінде 21 арна) (ЭЭГ, бейне-ЭЭГ-мониторинг)	кемінде 4
7	Дербес компьютерде жазуды талдай отырып, амбулаториялық ұзақ мерзімді бейне-ЭЭГ жүйесі	1 МҰ-ға 1
8	Ультрадыбыстық сканер	1 МҰ-ға 1

9	Мидың визуалдық, есту, соматосенсорлық және когнитивтік туындаған әлеуеттерін зерттеу функциялары бар электроневромиограф	1 МҰ-ға 1
10	Дербес компьютерде жазбаны талдаумен Холтер – ЭКГ жүйесі	1 МҰ-ға 1
11	Дербес компьютерде жазуды талдай отырып, АҚ-ны тәуліктік мониторингтеу жүйесі	1 МҰ-ға 1
12	Эпилепсиялық және эпилепсиялық емес бұзылуларды сараланған диагностикалау үшін жүгіру жолында немесе велоэргометрияда жүктемені сынауға арналған компьютерлік кешен	1 МҰ-ға 1
13	Когнитивтік және тұлғалық бұзылуларды анықтау мақсатында психофизиологиялық және психологиялық тесттер өткізуге арналған компьютерлік кешен	1 МҰ-ға 1
14	Қан плазмасындағы құрысуға қарсы препараттың және/немесе тұқым қуалайтын метаболикалық аурулардың, аутоиммундық аурулардың концентрациясын анықтауға арналған сұйық хроматограф (немесе масс-спектрометр)*	1 МҰ-ға 1
15	Емшара кабинеті	1 МҰ-ға 1
16	Клиникалық және биохимиялық зертхана*	1 МҰ-ға 1
17	Кем дегенде 1,5 Тесла инжекторы бар магниттік-резонанстық томограф*	1 МҰ-ға 1
18	Позитрондық-эмиссиондық томограф / ағзалық-функционалдық және прехирургиялық зерттеу жүргізуге арналған компьютерлік томограф	1 МҰ-ға 1
19	Қазіргі заманғы нейрогенетикалық тестілеу	
20	Биологиялық кері байланысы бар компьютерлендірілген бағдарламалармен, виртуалды шындық технологиясымен жабдықталған оңалту кабинеті *	МҰ-ға 1
21	Дәрілік заттарды енгізуге арналған инфузомат	МҰ-ға 1

22	Дефибриллятор	МҰ-ға 1
23	Дәрігердің, мейіргердің жұмыс орны (интернет, дербес компьютер, принтер, сканер)	Әрбір қызметкерге 1

Ескертпе:

ЭЭГ-электроэнцефалограф, электроэнцефалография.

* құрылымында ол құрылған медициналық ұйымның емдеу-диагностикалық және қосалқы бөлімшелерінің мүмкіндіктерін пайдалану, ал олар болмаған жағдайда жоғарыда аталған зерттеулерді жүргізуге мүмкіндіктер бар жерде МҰ шарттың болуы қажет.

Инсульт орталығын ұсынылатын жарақтандыру

Р/с №	Атауы	Саны, дана
Арнайы жабдық		
1	КТ кемінде 128 тілім шприц инъекторымен + КТ-перфузия бағдарламасы (2-3 деңгейдегі ИО үшін)	МҰ-ға 1
2	МРТ кемінде 1,5 т. стандартты режимдердің барлық түрлері (соның ішінде веносинусография) + МРТ-перфузия бағдарламасы (3-деңгейдегі ИО үшін міндетті, ИО үшін 2-деңгей ұсынылады)	МҰ-ға 1
3	Радиолог дәрігердің АЖО базасында жасанды интеллектті қолданатын бағдарламалар, PACS жүйесі қабылдау (беру, сақтау) арқылы ақпаратты бірыңғай консультациялық инсульт орталығына жіберу бағдарламасы (2,3-деңгейдегі ИО үшін)	КТ, МРТ-ға қосылады, ангиографикалық қондырғы
4	Транскраниалды доплерлік ультрадыбыстық, ұзақ мерзімді транскраниалды доплер мониторингі, микроэмболияны анықтау мүмкіндігі бар көп функционалды доплер УДЗ жүйесі (2-3 деңгейдегі ИО үшін)	МҰ-ға 1
5	Брахиоцефалдық артериялардың экстракраниалдық бөлімдерін ультрадыбыстық дуплексті сканерлеуді, трансторакалдық эхокардиографияны жүргізуге арналған датчиктері бар портативтік ультрадыбыстық сканер (2-3 деңгейдегі ИО үшін)	МҰ-ға 1

6	Науқастың төсек жанындағы монитормен: тыныс алу жиілігі, пульсоксиметрия, электрокардиограмма, инвазивті емес артериялық қысым, температура (2-3 деңгейдегі ИО, ИТП палатасы үшін)	Төсек саны бойынша
Арнайы жабдық		
7.7	Төрт секциялы, функционалды бүйірінде арқасы бар төсек	Төсек саны бойынша
8.8	Төсек жанындағы үстел	Төсек саны бойынша
9.9	Төсек жанындағы тумба	Төсек саны бойынша
10.10	Төсек жанындағы ақпараттық тақта (маркерлік)	ИТП саны бойынша
11.11	Кресло-дәретхана	3 төсекке 1
12.12	Биік арқасы бар төсек жанындағы кресло	6 төсекке кемінде 1
13.13	Жауыржараға қарсы матрас	Төсек саны бойынша
14.14	Сыртқы салқындатуға арналған көрпе	2 ИТП төсекке 1
15.15	Сыртқы салқындатуға арналған матрас	2 ИТП төсекке 1
16.16	Аяқ-қолды жұмсақ бекітуге арналған жиынтық	Төсек саны бойынша
17.17	3 секциялы шымылдық	1 палатаға 1
18.18	Гидрокөтергіші бар науқастарды тасымалдауға арналған арба	Кемінде 2
19.19	Корпусаралық жүк тасымалдау арбасы	Кемінде 1
20.20	Медициналық штатив (инфузиялық таған)	1 төсекке кемінде 2
21.21	Науқастарды тасымалдауға арналған жылжымалы көтергіштер	2 төсекке 1
22.22	Кресло-арба	3 төсекке 1
23.23	Жылжымалы жаялық	1 палатаға 1
Аппараттар мен аспаптар		
24.24	Автономды жұмыс істеу мүмкіндігі бар портативтік электрокардиограф	1
25.25	Глюкометр	Кемінде 2
26.26	Вакуум электрлік сорғысы	2 төсекке кемінде 1
27.27	Синхрондау функциясы бар дефибриллятор	ҚТП 6 төсегіне кемінде 1
28.28	Өкпені жасанды желдету портативтік көліктік аппараты	ҚТП 1

29.29	Шприцтік дәрілік заттардың автоматты дозаторы	ҚТП 1 төсегіне кемінде 3
30.30	Инфузомат (перфузор)	Қажеттілігіне қарай
31.31	Тонометр	Кемінде 2
32.32	Мобилдік реанимациялық медициналық арба	3 төсекке кемінде 1
33.33	Автоматты пневматикалық аяқ-қол массажы	Төсекке 1
34.34	Реанимациялық көмек көрсетуге арналған тасымалданатын жиынтық	1
35.35	Жетілдірілген опциялары бар өкпені жасанды желдету аппараты	ҚТП 1 төсегіне 1
36.36	12 арналы электрокардиограф	1
37.37	Холтерлік мониторинг жүйесі	Кемінде 3
38.38	Артериялық қысымды мониторингілеуге арналған аппарат	6 төсекке кемінде 1
39.39	Портативтік пульсоксиметр	12 төсекке кемінде 1
40.40	Лазерлік терапияға арналған тасымалдауыш аппарат	30 төсекке кемінде 2
41.41	Ингаляциялық терапияға арналған тасымалдауыш аппарат	30 төсекке кемінде 2
42.42	Тасымалдауға болатын УКС аппараты	30 төсекке кемінде 2
43.43	Электростимуляцияға арналған тасымалдауыш аппарат	30 төсекке кемінде 2
44.44	Вакуум-пресстерацияға арналған тасымалдауыш аппарат	30 төсекке кемінде 2
Ақпараттық жабдық		
45	Дербес компьютер	30 төсекке 4
Бағдарламалық қамтамасыз ету		
46	Когнитивтік оңалту бағдарламасы	2
47	Жекеленген қайталама профилактикалық бағдарлама	1
Оңалтуға арналған жабдықтар		
48	Вертикализатор-үстелі	6төсекке кемінде 1
49	Дене салмағын түсіру арқылы кинезиотерапияға арналған жүйе	30төсекке кемінде 1
50	Массаж жасайтын кушетка	10 төсекке кемінде 1
51	Еденге төсейтін мат	3 төсекке кемінде 1
52	Тізе буынына арналған ортез	3 төсекке кемінде 1
53	Саусақтарға арналған ортез	3 төсекке кемінде 1
54	Сирақ-табан буынына арналған ортез	3 төсекке кемінде 1

55	Белсенді-пассивті механотерапияға арналған аппарат	10 төсекке кемінде 1
56	Степпер	30 төсекке кемінде 1
57	Велотренажер	30 төсекке кемінде 1
58	Бобат және (немесе) Войта терапияға арналған үстел	10 төсекке кемінде 5
59	Логопедиялық жиынтық (шпатель, зонд және тағы басқа)	1
60	Ходуноктар	
61	Шынтақ таянышы бар балдақ	30 төсекке кемінде 5
62	Таяктар (үш аяқты)	30 төсекке кемінде 5
63	Емдік гимнастикаға арналған жабдықтар	Қажеттілігіне қарай (30 төсекке кемінде 1 жиынтық)
64	Ұсақ бұлшықеттерге арналған бұлшықет күшін қалпына келтіруге арналған жабдықтар	Қажеттілігіне қарай (30 төсекке кемінде 1 жиынтық)
65	Қозғалыс белсенділігін, аяқ-қол қозғалысын үйлестіруді, тұрмыстық қызметін және өзіне өзі қызмет көрсету қызметін қалпына келтіруге арналған жабдықтар	Қажеттілігіне қарай (30 төсекке кемінде 1 жиынтық)
66	Ұсақ саусақ моторикасын (эрготерапевт жиынтығы) қалпына келтіруге және үйлестіруге арналған бұйымдар	Төсек саны бойынша
Операциялық жиынтық		
67	Базалық нейрохирургиялық жиынтық	1
68	Аредту бойынша қарыншаларды сыртқы дренаждауға арналған жүйе	Қажеттілігіне қарай
Үшінші деңгейлі insult орталықтарына қосымша:		
69	Брахиоцефалдық және миішілік артерияларға эндоваскулярлық диагностикалық және емдік араласулар жасау мүмкіндігі бар ангиографиялық кешен	1
70	Операциялық микроскоп	1
71	Микрохирургиялық нейрохирургиялық аспаптар	1
72	Эндоваскулярлық және микрохирургиялық операциялар жасауға арналған медициналық мақсаттағы бұйымдар (клипстер, тігу материалдары және тағы басқа)	Қажеттілік бойынша

73	Эндоваскулярлық нейрохирургиялық операциялар жасауға арналған эндоскопиялық таған	1
----	--	---

Логопедиялық кабинетті ұсынылатын жарақтандыруы

Р/с №	Атауы	Талап етілген саны, дана
1	Дербес компьютері және "Интернет" ақпараттық-коммуникациялық желісіне шығуымен логопедтің жұмыс орны	1
2	Биіктігі бойынша реттелетін модулдік оқушы үстелі	1
3	Әдебиетке, құжаттамаға, әдістемелік материалдарға, ойыншықтарға арналған сөрелер мен шкафтар	1
4	Бұрандалы орындықтар, кушетка, доп, логопедиялық массажға арналған валиктер	1
5	Метроном, құм сағат, секундомер, сөйлеу тыныс алу жинағы	1
6	Саусақтың ұсақ моторикасын дамытуға арналған жиынтық	1
7	Қабырға айнасы (75 x 50 м)	1
8	Зонд жиынтығы, ауыз кеңейткіштер жиынтығы	1
9	Қойылатын зонд жиынтығы	1
10	Логопедиялық шпателдер жиынтығы	Пациенттердің саны бойынша
11	Логостимулондар жиынтығы	1
12	Тілді көтеруге арналған логопедиялық құрылғы	1
13	Көрнекі-дидактикалық материал (арнайы кестелер, мәтіндер, оқыту ойындары, ойыншықтар жиынтығы, үлестірме материал)	1
14	Стерилді материалдар (бинттер, мақта және мақта жастықшалары, маскалар, қалпақшалар, қолғаптар, сүлгілер)	Пациенттердің саны бойынша
15	Антисептик, спирт, вазелин, май	1
16	Рециркуляторлық типтегі бактерицидтік ауа сәулелендіргіші	1

17	Құралдар мен шығыс материалдарын дезинфекциялауға арналған сыйымдылық	1
18	"А" және "Б" класындағы тұрмыстық және медициналық қалдықтарды жинауға арналған сыйымдылық	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК